

Б. Абдыханова¹
Л. Мейрамбекова^{2*}

¹Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей, Қазақстан
²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
*Байланыс үшін автор: lmeyrambekova@mail.ru

Неміс халқы және оның базалық этноспецификалық концептілер жүйесі

Аңдатпа. Қазіргі таңда қоғамда «мәдени мұра», «ұлт мәдениеті» ұғымдары арқылы ел тарихының өткеніне ерекше мән беріліп, болашаққа алаңдаушылық білдіріліп жатқаны осы бағыттағы зерттеулерден, қабылданған түрлі ұлттық бағдарламалардан, бұқаралық ақпарат құралдарынан баршаға белгілі. Жаһандану үрдісі мен интеграция мәселесі өзекті болып тұрғандықтан, ұлттық бірегейлікті сақтап қалу да аса маңызды. Ұлттық бірегейлікті зерттеу әлеуметтану, этнология, тарих, мәдениет, тіл білімі сияқты бағыттармен тығыз байланысқан пәнаралық білімді талап етеді. Мақалада неміс мәдениетінің базалық концептілеріне сүйене отырып, осы этностың ділін (менталитетін) зерттеуге арналған еңбектерге шолу жасалды, неміс халқының құндылықтар жүйесі және ондағы өзгерістер зерделенді. Нақтырақ алғанда, *Ordnung*, *Sicherheit*, *Gemütlichkeit* этноспецификалық концептілері қарастырылып, нақты тілдік деректермен дәйектелді. Аталған концептілер неміс халқының лингвомәдениеті мен діліндегі оларға тән ерекшелікті тануға қызмет етеді.

Түйін сөздер: концепт, менталитет, лингвомәдениет, ұлттық құндылық, ұлттық бірегейлік.

DOI: 10.32523/2616-678X-2021-135-2-75-81

Кіріспе

Ұлттық ділді зерттеу негізінен әлеуметтік психология, этнопсихология, мәдени антропология салаларына қатысты болғанымен, лингвистика ғылымының да зерттеу нысанына жатады. Лингвистердің бұл мәселені қарастыруының бірнеше себептері бар: 1) жүйелі-құрылымдық лингвистикалық парадигмамен салыстырғанда антропоөзектік парадигманың басымдылыққа ие болуы; 2) шетел тілін сол тілдің мәдениеті мен тілді тұтынушы ұлттың ойлау қабілетін есепке ала отырып меңгерудің маңыздылығы, онсыз

тіл үйренудің жеткіліксіз екендігін ұғыну; 3) әлемнің тілдік бейнесін анықтау сияқты өзіндік себептер.

А.М. Кузнецовтың пікірінше, пәнаралық байланыс арқылы зерттеуде этнолингвистика мен социоллингвистика тілді мәдениетке қатысты, тілдің қызмет етуі мен дамуындағы тілдік этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара әрекетіне қатысты зерттейді. Соңғы уақытта әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың дамуы базалық түсінік пен категорияның маңыздылығын көрсетіп отыр. Бұл базалық тірек түсініктер адами әлеуетті көрсетеді, адами әлеует рухани-

қоғамдық әрекетті белгілейді. Мысалы, «өмір» мен «өлім», «туған жер» мен «өзге ел», «қуаныш» пен «қайғы», «бейбітшілік» пен «соғыс» сияқты қарама-қарсы мәндес концептілер базалық мәдени түсінікті құрайды. Лингвомәдени танымдық бағыттағы зерттеулерде құндылықтар жүйесі туралы тілдік ақпараттардың әртүрлі халықтың дүниені қабылдау ерекшелігін көрсетеді деген пікірлер айтылады [1, 51]. Құндылықтар мен нормалар тілдік бірліктер семантикасында және мәдени-тілдік қауымдастық өкілдерінің қарым-қатынасында тікелей немесе жанама көрініс беретіндігі де отандық және шетел ғалымдарының да еңбектерінде жиі айтылады. Тілдік концептілер шеңберінде жекелеген тілдік мәдениеттердегі негізгі идеялар мен базалық құндылықтарды беретін және ұлттық діл ерекшелігін ашатын, танытатын концептілер зерттеледі. Осы тұрғыдағы концептілер әр ғалымдар тарапынан түрліше атауларға ие: «тілдегі кілт сөздер», «мәдениеттегі негізгі концептілер», «мәдени доминанттар», т.б.

В.И. Карасик концептінің өзегі құндылық екендігін, яғни концептінің мәдениетті зерттеуге қызмет ететіндігін, ал мәдениеттің өзегін құндылық принциптері құрайтындығын айтады [2, 12].

Қазақ тіл білімінде антропоэзектік бағыттың кең өріс алуына байланысты «концепт» ұғымына терең мән беріліп, көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Осы тұрғыдағы мәселелер отандық ғалымдар Ә. Қайдар, М. Копыленко, Э. Сүлейменова, Ж. Манкеева А. Ислам, А. Алдашева зерттеулерінде қарастырылған. Кез келген халықтың лингвомәдениетінің өзегін концептілер құрады деп айтуға болады. Бұл тұжырымдаманы А.Алдашева зерттеулерінде «концепт» терминіне берілген анықтамасын негізге алып беріп отырмыз: «концепт – адам санасында қалыптасатын, сөйтіп, сол адамның этникалық ортасы болып табылатын ортаның барлық мүшелері үшін белгілі бір түсінік, ұғым болып орнығатын идеал мән. Вербалды құралдар арқылы жеткізілгенде концепт кодталған мәтін түзеді деп санауға

болады, ол – нақты бір этникалық орта мүшелерінің стандартталған мінез-құлқы; белгілі бір құбылыс туралы пайымдап, қабылдауларының ортақ болуы» [3, 14]. Осы тұжырымдамада берілген «нақты бір этникалық орта мүшелерінің стандартталған мінез-құлқы» деген анықтама осы мақала аясында қарастырылып отырған «концепт» түсінігін толық ашып көрсетеді. Концепт ұғымы барлық халықтар тілінде бар десек, бірақ оның қабылдануы мен аталымында айырмашылықтар болуы мүмкін. Оны танып-білу үшін сол тілде сөйлейтін халықтың дүниетанымын, тарихын, психологиясын, философиялық ой-танымын, басты құндылықтарын түсіне алуымыз керек.

Неміс зерттеушілерінің еңбектерінде «концепт» термині қолданылмайды. Мақалада қарастырылып отырған Ordnung және Sicherheit тілдік бірліктері «Begriffe» (түсінік), «Werte» (құндылық), «Tugenden» (ізгілік) сөздері арқылы айқындалған [3], [4], [5], [6].

Мақсаты. Лингвомәдени танымдық бағыттағы зерттеулерде құндылықтар жүйесі туралы тілдік ақпараттардың әртүрлі халықтың дүниені қабылдау ерекшелігін көрсетеді деген пікірлер айтылады [1, 51]. Құндылықтар мен нормалар тілдік бірліктер семантикасында және мәдени-тілдік қауымдастық өкілдерінің қарым-қатынасында тікелей немесе жанама көрініс беретіндігі де отандық және шетел ғалымдарының да еңбектерінде жиі айтылады. Тілдік концептілер шеңберінде жекелеген тілдік, яғни неміс халқы мәдениеттердегі негізгі идеялар мен базалық құндылықтарды беретін және ұлттық діл ерекшелігін ашатын, танытатын концептілерді қарастыру болып табылады.

Зерттеу әдістері

Мақалада неміс халқының этноспецификалық концептілер жүйесі салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде талданды. Алынған нәтижелерге қол жеткізу үшін этимологиялық талдау, сипаттау, баяндау тәсілдері пайдаланылды.

Нәтижелері мен талқылау

Неміс халқының базалық құндылығының өзегін «Ordnung» (тәртіп- порядок) ұғымы (концептісі) құрайды. Сондай-ақ «Gehorsam» (сөзге құлақ асу, тіл алғыштық- послушание), Pflicht (міндет, парыз - долг), Unterordnung (бағыну - подчинение), Disziplin (тәртіп - дисциплина) концептілері де дәстүрлі тәрбие өзегін құраған. Аталған қасиеттер бір тарихи кезеңде отбасы мен мектептерде тәрбие беру стандартына айналған және неміс қоғамы үшін негізгі құндылықтар болған [6, 33]. «Idee der Ordnung» (тәртіп идеясы – идея порядка) қауіпсіздік, сенімділік, болашақты болжай алу, нақты, нық ережелердің болуы деп бағаланған. «Ordnung» концептісі мен неміс халқының келесі базалық негізгі Sicherheit (сенімділік, қауіпсіздік) концептісінің арасында жіпсіз байланыс байқалады. Sicherheit – қа ұмтылу Ordnung, неміс халқына тән «неміс тәртібін» тудырған. Тәртіптің арқасында неміс халқы қоғамдағы, сондай-ақ жеке бас өмірін де реттеп отырғаны белгілі. Бірақ әр тарихи кезеңде құндылықтар да өзгеріске ұшырайтындығын білеміз.

XVI ғасырда неміс халқы ішімдікке, шектен тыс ойын-сауыққа құмарлығымен танылған екен және өздеріне есеп бермеген. Реформация кезеңі басталғаннан бастап неміс менталитеті қатты өзгеріске түскен [4, 14].

«Ordnung» ұғымын қалыптастыру процесі неміс тілі мен мәдениеті дамуының XVI ғасырдан бастап XIX ғасыр кезеңдерін қамтыған. Неміс менталитетін зерттей отырып, зерттеуші Б. Нусс осы концептінің қалыптасуына мына үш фактордың елеулі үлес қосқанын айтады: нормативті неміс тілінің қалыптасуы, М. Лютердің реформациясы және философияның интенсивті дамуы [5].

Діни қызметкер Г. Байер «Ordnung» ұғымын үш түрлі позицияда қарастырған: бүкіл әлем тұрғысынан, қоғам тұрғысынан және жеке адам тұрғысынан. Автордың айтуынша, әлем біртұтас жүйе және идеалды тәртіпке келтірілген. Ұлы Жаратушының жаратқан тәртібінде әр нәрсенің өз уақыты (Zeit), тағдыры (Bestimmung), орындалуы

(Erfüllung) бар. Автор «Ordnung» - тың жекелеген адам үшін ауадай қажетті төрт саласын атап көрсетеді: өмір сүру салтында (образ жизни – Lebensart und Lebensweise), мамандығында, жұмысында (Beruf), мал-мүлік мәселесінде (имущество – Vermögen), адамның ішкі жан дүниесінде (innerer Zustand), автордың ойынша, осы аталғанның әрқайсысында Ordnung – нақты бір игіліктің алғышарты: денсаулық (Gesundheit), пайда (Nutzen), әл-ауқат (Wohlstand) және бақыт (Glück). Уағыз айтушы «Ordnung» сөзінің негізгі атрибуттары: мақсат қою (Ziel) мен жоспар (Plan) деп айқындайды: Den besten Zweck, den schönsten Plan, / treffe ich in deiner Schöpfung an; / die kleinsten Kreaturen / sind deiner Weisheit Spuren. Ф. Шлец «Vom Nutzen der Ordnung und Reinlichkeit im Haushalten» (Үй шаруасын жүргізудегі тәртіп пен тазалықтың пайдасы) атты кітабында үй шаруасындағы тәртіптің пайдасына (Nützlichkeit der Ordnung) тәртіпсіздіктен келетін зиянды (Schädlichkeit der Unordnung) қарсы қоя отырып, балаларды бала күннен тәртіпке үйретуге (Kinder frühzeitig zur Ordnung gewöhnen) уағыздаған. Автор экономикалық тұрғыдан «Ordnung» сөзінің негізгі ұғымына күн көріс қамын дер кезінде реттеп отыруға мүмкіндік беретін «ұзақ мерзімді жоспарлау» мен аса қажетті болып табылатын біртектес жұмысты (однообразную работу) орындаудағы «тұрақтылықты» жатқызады [5].

Тәртіптің орны туралы педагогтар да дидактикалық еңбектерінде жазған. Мысалы, В. Ратке балалар мен ата-аналарды тәрбиелеу туралы еңбегінде тәртіпке үйрету ілімін (Ordnungslehre) жасаған екен, ол бойынша адамдар қоршаған әлеммен үйлесім тауып өмір сүруге ұмтылуы тиіс (W. Ratke). Балаларды тәрбиелеу процессінде педагог Х. Кампе тәртіптің үш орнын атап көрсеткен: Ordnung für die Dinge (заттарындағы тәртіп), Ordnung für die Geschäfte (істері, жұмыстағы тәртіп), Ordnung für die ganze Denkungs- und Handlungsart (ой мен іс-әрекеттегі тәртіп). Х. Кампе Ordnung ұғымын мына ұғымдармен теңестірген (Ordnung неміс тілінде женский род зат есімі): оны ана мен күтушіге теңейді

, (Mutter und Pflegerin der meisten anderen Tugenden – ана мен күтуші көп игі істің иесі), қайырымдылық, жақсылық жасаушыға теңейді (Beglückerin des menschlichen Lebens – адам өміріне жақсылық жасаушы), көмекшіге теңейді (Beförderin jeder nützlichen Tätigkeiten – пайдалы істің талапшысы) [4]. Теолог, педагог және жазушы Л.Эвальд тәртіпке деген махаббаттың маңыздылығына мән берген (Ordnungsliebe), оған әдептілік үшін ғана емес (Anstand), сонымен бірге табысқа жету үшін ғана емес (Wohlstand), ең алдымен, адамгершілік тұрғыдан мән беру керектігін айтқан (Sittlichkeit) [4]. Осылайша, сол заманның көрнекті ойшыларының қызметтерінің, олардың әртүрлі типте жазылған мәтіндерінде (уағыздарда, мораль туралы трактаттарында, бала тәрбиелеу туралы еңбектерінде, афоризмдер және т.с.с.) көрініс тапқан ойларының нәтижесінде Ordnung концептісі неміс концептосферының бөлінбейтін бірлігіне айналған. Неміс тарихшысы және неміс халқының менталитетін зерттеуші П.Мюнхтың «Ordnung, Fleiß und Sparsamkeit. Texte und Dokumente zur Entstehung der bürgerlichen Tugenden» - атты еңбегінде XV ғ. мен XIX ғ. бас кезіндегі танымал неміс авторларының түпнұсқа мәтіндерінде «Ordnung» ұғымының басқа да игіліктермен қарастырылғанын айтады: Fleiß (еңбекқорлық), Sparsamkeit (үнемшілдік), Disziplin (дисциплина) т.б. Автордың айтуынша, осы игіліктер неміс менталитетінде XVIII ғасырдың ортасына таман мықтап орныққан [4, 9].

XVIII ғ. соңында И. Кант немістерді тәртіп пен тазалықты жақсы көретін, сүйетін, еңбекқор және үнемшіл, ұқыпты азаматтар ретінде сипаттаған (P. Münch).

XX ғасырдың екінші жартысында жеке бас құндылықтарына ерекше мән беріле бастаған. Ғалымдардың айтуынша, 70-80 жж. Германияда жүргізілген сауалнамалар нәтижесі мына құндылықтардың басым екендігін көрсеткен: Gesundheit (денсаулық), Familie (отбасы), Sicherheit (қауіпсіздік, болашаққа сенім), ein hoher materieller Standard (жоғары материалдық жағдай), der befriedigende Beruf (жаныңа жақын

мамандық), reichlich Freizeit (көп бос уақыт), persönliche Freiheit und Unabhängigkeit (жеке бас бостандығы мен тәуелсіздік) [6, 73]. Байқағанымыздай, Германия тарихының алдыңғы кезеңдерінде басымдылыққа ие болып келген дәстүрлі құндылықтар біршама өзгеріске түскен.

Сондай-ақ, осы кезеңде, яғни XX ғасырдың екінші жартысында отбасы түсінігі түбегейлі өзгеріске түскен. XX ғасырдың бірінші жартысында дәстүрлі авторитарлы-патриархаттық сипатқа ие отбасы моделі дүрілдеп тұрған болса, екінші жартысында, неміс ғалымдарының айтуынша отбасы ұғымы жеке бас принциптеріне негізделіп, өзгеріске түскен. Отбасылық қарым-қатынас тең құқылы ерлі-зайыптылар ұғымына ойысқан. Бұл да неміс халқының құндылықтар құрылымының үлкен өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. Сәйкесінше, бала тәрбиесінде де басымдылықтар өзгерген. Алдыңғы тарихи дәуірлермен салыстырғанда, балаларды тәрбиелеу мақсаты – балаларды өз бетімен, еркін ойлау, шешім қабылдау, өз күшіне сену, сыни ойлау сияқты дағдыларға үйретуге бейімделген. Көну, тіл алғыштық, өзінен жоғары тұрғандарға көзсіз бағыну сияқты осы кезге дейін неміс халқы ділінің құрамдас бөліктері болып келген қасиеттер ысырылып қалған. Баланы тәртіп пен тазалықты сүюге үйрету сияқты дәстүрлі болып табылатын құндылық бағыты бұрынғыдай басымдылыққа ие болмаса да, тәрбие үрдісінің өзегін құрайды. Білім алу мен нақты бір салада тиісті дағдыларды меңгерудегі негізгі концептілер Fleiß (еңбекқорлық), Disziplin (тәртіп) және Ordnung (ұқыптылық - порядок) қазір де басымдылыққа ие [6, 84-89]. Қазіргі заман неміс халқы Ordnung (ұқыптылық -порядок) сөзіне аса мән беретіндігімен және оны этикалық қажеттілік деп санайтындығымен сипатталады: Der Deutsche glaubt aus tiefsten Herzen an die Bedeutung und die ethische Notwendigkeit der Ordnung [5, 126]. Осыған қарап, қазіргі жастар таңдауындағы құндылықтар жүйесі бұрынғы барды сақтап қалу немесе мүлде жаңа құндылықтар идеясын тудыру емес екендігін көреміз. Керісінше, дәстүрлі және

жаңа құндылықтар симбиозын жасап отыр. Ғалымдар, XX ғ. 90 жылдарында жүргізілген сауалнамалардан алынған нәтиже де соның көрсеткіші дегенді айтады. Осы сауалнамалар қорытындысы бойынша *Zuverlässigkeit* (сенімділік), *Ordnung* (тәртіп-порядок), *Fleiß* (еңбекқорлық), *Perfektion* (перфекционизм), *Pünktlichkeit* (ұқыптылық -пунктуальность) тәрізді құндылықтардың ең үлкен пайыздық көрсеткіш бергені айтылады [3, 30]. Және осы сауалнамалар нәтижесін XV-XIX ғғ. көлемінде неміс халқының құндылықтар жүйесінің қалыптасуын зерттеген неміс тарихшысы П. Мюнх зерттеулерімен салыстырғанда, олардың арасындағы бірізділіктің сақталғаны байқалған. П. Мюнх зерттеулерінде де негізгі осы қасиеттер аталып көрсетілген: *Ordnung*, *Fleiß* (еңбекқорлық), *Disziplin*, *Sparsamkeit* (үнемшілдік). Ғалымның ойынша, бұл қасиеттер неміс халқының ділінде XVIII ғасырдың орта кезеңінен бері бекіген [4, 9].

Ғалымдардың айтуынша, XXI ғ. дәстүрлі неміс құндылықтары өз негізін сақтай отырып, тек жаңаша түрге еніп, жаңа атауларға ие болған. А.Томас мәдени стандарттар теориясын (*Kulturstandards*) енгізді, оны нақты бір мәдениет өкілдерін түсінігіндегі өзін-өзі ұстаудың міндетті нормалары (нормы поведения) мен оның бағалануы деп түсіндіреді [7, 28].

Мәдени стандарт түсінігі нормалар түсінігімен сәйкес келеді: «Нормы – стереотипы мысли и действия, принимаемые в границах той или иной социокультурной общности, которые в своем историческом бытии неотрывны от существующих в данной культуре ценностей, ибо переводят представления о них в инструментальный план» [8, 523].

Неміс халқының мәдени стандартына: орындалатын тапсырмалардың нақты болуы, жұмыс құрылымы мен ережесінің маңыздылығы, ереженің орындалуы үшін ішкі бақылау, ұзақ мерзімге жоспарлау, жеке бас пен қоғамдық өмір арасындағы қатынастың аражігін ашып алу. Байқап қарасақ, осы аталған мәдени стандарттардың неміс халқының базалық мәдени концептілері *Ordnung* и *Sicherheit* арасындағы байланыс

анық көрініс береді. Осы екі концептінің неміс халқы ділінің негізін құрайтыны жоғарыда айтылды, ғалымдар, жекелеген тарихи дәуірлерде олардың әрқилы өзектеліп, функцияларында да айырмашылық болғанын анықтаған.

Қорытынды

Қазіргі кезеңде де Германияда алынған сауалнамалар нәтижесі неміс халқының тәртіпті ерекше бағалайтынын көрсетеді және оны демократияның кепілі деп түсінеді [3]. Мақал- мәтелдерін қарастыру барысында да *Ordnung* ұғымына қатысты әртүрлі түсініктерді байқауға болады: а) *Ordnung* – ол әлемнің өмір сүруінің кепілі (*Ordnung erhält die Welt*); ә) *Ordnung* – үй шаруасын жүргізуді, жұмыс барысын барынша жеңілдетеді (*Ordnung hilft Haushalten*); б) *Ordnung* – байлыққа кенелудің қосымша көзі (*Ordnung ist vergnügtes Einkommen, halbes Futter, halbes Sparen*); в) *Ordnung* – көп тырысуды талап етеді, нәтижесінде үлкен табысқа жеткізеді (*Ordnung, wenn man sie zu halten weiß, hat überall den höchsten Preis*); г) *Ordnung* – әділетті мемлекеттің қызмет етуінің негізгі шартының бірі, кім тәртіп пен заң жасайды, сол бірінші болып соны ұстануы керек (*Wer die Ordnung und Gesetz macht, soll der erste sein, der sie hält*); д) шамадан тыс тәртіптің зияны да болуы мүмкін (*Wer die Ordnungsliebe treibt zu weit, der stiehlt sich und anderen die Zeit*); ж) *Ordnung* – адамшылықтың, жеңістің, табыстың алғышарты (*Wo Ordnung herrscht, ist jeder Weg eine Poststraße*). Неміс тіліндегі «*Ordnung*» ұғымына қатысты мақал-мәтелдерден мынандай қасиеттер байқалады: әлеуметтік, экономикалық және саяси ережелер мен заңдардың тиімді, нәтижелі жүйесі; іс-әрекетті ұйымдастырудың тиімді жолы; тәртіпке келтіру үрдісі, ішкі жағдайды реттеу процесі. Неміс тілінде өте кең тараған тұрақты тіркестерден де осы концептінің маңыздылығын көреміз: *in Ordnung sein*, *Alles in Ordnung*; *alles ist in bester (schönster) Ordnung*; *das ist nicht in Ordnung*; *mit j-m/etw. ist etwas nicht in Ordnung*; *wieder in Ordnung sein*; *ganz in Ordnung*; *schwer in Ordnung sein*.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Маслова В.А. Лингвокультурология: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – 2-е изд., стереотип. – М.: Изд. центр «Академия», 2004. – 208 с.
- 2 Карасик В.И. Базовые характеристики лингвокультурных концептов / В.И.Карасик, Г.Г.Слышкин // Антология концептов / под ред. В.И.Карасика, И.А.Стернина. – М.: Гнозис, 2007. – С. 12-13.
- 3 Алдашева А. Мәдениетаралық коммуникация және аударма мәселелері. – Жинақ: «Тіл және Жаһандану: бүгін мен болашағы» атты халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2008. –13-16 б.
- 4 Bausinger H. Typisch deutsch. Wie deutsch sind die Deutschen? – München: Verlag C. H. Beck, 4. Auflage, 2005. – 176 S.
- 5 Münch P. Ordnung, Fleiß und Sparsamkeit. Texte und Dokumente zur Entstehung der «bürgerlichen Tugenden». – München: Deutscher Taschenbuch Verlag, 1984. – 376 S. 84.
- 6 Nuss B. Das Faust-Syndrom. Ein Versuch über die Mentalität der Deutschen – Bonn; Berlin: Bouvier Verlag, 1993. – 213 S. 85.
- 7 Pross H. Was ist heute deutsch? Wertorientierungen in der Bundesrepublik. – Reinbek bei Hamburg: Rowohlt Verlag, 1982. – 158 S.
- 8 Schroll-Machl, S. Die Deutschen – Wir Deutsche. Fremdwahrnehmung und Selbstsicht im Berufsleben. – Göttingen: Vandenhoeck & Ruprecht, 2003. – 216 S.
- 9 Культурология. XX век. Словарь / П.С.Гуревич, О.И.Шульман. – СПб.: Университетская книга, 1997. – 640 с.

B. Abdykhanova¹, L. Meirambekova²

¹*Shakarim State University of Semey, Semey, Kazakhstan*

²*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

The German people and their system of basic ethno-specific concepts

Abstract. It is well known from studies, various national programs and mass media that today in society much attention is paid to the life of ancestors who passed through the concepts of «cultural heritage», «culture of the nation». Since the problem of globalization and integration remains relevant, the preservation of national identity becomes even more important. The study of national identity requires interdisciplinary research, closely related to such fields as sociology, ethnology, history, culture, linguistics. The article presents an overview of the work on the study of the mentality of the German people based on the basic concepts of German culture, the system of values of the German people and its changes. There are considered ethnospecific concepts Ordnung, Sicherheit, Gemütlichkeit, which are regarded the «keys» to understanding the originality of the German linguistic culture and the mentality of its carriers, and moreover, they are confirmed by specific linguistic data. Based on the analysis of linguistic material and data from the humanities, there are revealed systemic connections in the German concept sphere.

Keywords: concept, mentality, linguoculture, national value, national identity.

Б. Абдыханова¹, Л. Мейрамбекова²

¹*Государственный университет имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан*

²*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

Немецкий народ и система его основных этноспецифических концепций

Аннотация. В настоящее время в обществе большое внимание уделяется истории народа, понятиям «культурное наследие», «культура нации», забота о будущем страны прослеживается в различных исследованиях, национальных программах и средствах массовой информации. Поскольку проблема глобали-

зации и интеграции остается актуальной, сохранение национальной идентичности становится еще более важным вопросом. Изучение национальной идентичности требует междисциплинарного исследования, тесно связанного с такими областями, как социология, этнология, история, культура, лингвистика. В статье дается обзор работ по изучению менталитета немецкого народа на основе основных концепций немецкой культуры, системы ценностей немецкого народа и ее изменений. Рассматриваются этноспецифические концепты Ordnung, Sicherheit, Gemütlichkeit, являющиеся «ключами» к пониманию своеобразия немецкой лингвокультуры и ментальности ее носителей и, более того, подтверждаются конкретными лингвистическими данными. На основе анализа языкового материала и данных гуманитарных наук раскрываются системные связи в немецкой концептосфере.

Ключевые слова: концепция, менталитет, лингвокультура, национальная ценность, национальная идентичность.

References

- 1 Maslova V. A. Lingvokul'turologiya: ucheb. Posobie dlya studentov vysshih uchebnyh zavedenij. 2-e izdanie stereotip. [Linguoculturology: textbook. Manual for students of higher educational institutions. 2nd edition Stereotype] (Izdatel'skii tsentr «Akademiya», Moscow, 2004, 208 p.) [in Russian]
- 2 Karasik V.I., Slyshkin G.G. Bazovye harakteristiki lingvokul'turnyh kontseptov [Basic characteristics of linguocultural concepts], Antologiya kontseptov [Anthology of concepts]. pod red. V.I.Karasik, I.A.Sternina. (Moscow, 2007, P. 12–13) [in Russian]
- 3 Aldasheva A. Madenietaralyk kommunikaciya zhane audarma maseleleri. – Zhinak: «Til zhane Zhahandanu: bygini men bolashagy» atty halyqaralyk gylymi teoriyalyk konferenciya materialdary [Issues of intercultural communication and translation. – Proceedings of the international scientific-theoretical conference «Language and Globalization: Present and Future»] (Almaty: Arys, 2008. –13-16 p.) [in Kazakh]
- 4 Bausinger H. Typisch deutsch. Wie deutsch sind die Deutschen? (München: Verlag C.H.Beck, 4. Auflage, 2005. – 176 s.) [in German]
- 5 Münch P. Ordnung, Fleiß und Sparsamkeit. Texte und Dokumente zur Entstehung der «bürgerlichen Tugenden». (München: Deutscher Taschenbuch Verlag, 1984. – 84s.) [in German]
- 6 Nuss B. Das Faust-Syndrom. Ein Versuch über die Mentalität der Deutschen – Bonn. (Berlin: Bouvier Verlag, 1993. – 85s.) [in German]
- 7 Pross H. Was ist heute deutsch? Wertorientierungen in der Bundesrepublik. (Reinbek bei Hamburg: Rowohlt Verlag, 1982. – 158 s.) [in German]
- 8 Schroll-Machl, S. Die Deutschen – Wir Deutsche. Fremdwahrnehmung und Selbstsicht im Berufsleben (Göttingen: Vandenhoeck & Ruprecht, 2003. – 216 s.) [in German]
- 9 Gurevich P.S., Shulman O.I. Kul'turologiya. XX vek. Slovar' [Culturology. XX century. Vocabulary] (Saint Petersburg.: University book, 1997. – 640 s.) [in Russian]

Сведения об авторах:

Абдыханова Бактыгүл Айдапкелевна – PhD, орыс және шетел филологиясы кафедрасының доцент м.а., Семей қаласы Шәкерім атындағы мемлекеттік университеті. Глинки көш. 20, Семей, Қазақстан.

Мейрамбекова Лязат Касымовна – PhD, шетел тілдері кафедрасының доцент м. а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Сәтпаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Abdykhanova Baktigul Aidapkelevna – Ph.D., Associate Professor of the Department of Russian and Foreign Philology, Shakarim State University of Semey. 22 Glinki str., Semey, Kazakhstan.

Meirambekova Lyazat Kasymova – Ph.D., Associate Professor of the Department of Foreign Languages, L.N.Gumilyov Eurasian National University. 2 Satpayev str., Nur-Sultan, Kazakhstan.